

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016



4 сурет

сурет).

Көк түсті әр елде бейбітшіліктің түсі, ашық аспан түсі ретінде көреді. Қз елімізде көк түс байрағымыздың белгісі.

Күлгін түс жапондықтарда "Мурасаки" деп аталады. Мурасаки деп көбінесе олар қоңырау гүлін айтқан. Тек қоңырау гүлін олар самурайларға ғана берген (4-сурет). Түстерді тек суретші ғана емес, оны ақын – жазушыларда өз ойларын анық жеткізу үшін қолданады [8].

Түр-түс атаулары – мәдениеттің жемісі, әрі мәдениетті жасайтын фактор; ұлттық мәдениетті танып-білудің негізгі құралы. Зерттеушілердің бұл салаға қызығушылықпен қарауының басты себебі осында (4

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АқМУ, 2006. – 161 бет.
2. Жарқынбекова Ш. Концепты цвета в казахской и русской культурах. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 226 с.
3. Гумбольдт В. О различии строения человеческих языков и его влияние на духовное развитие человека // В.фон Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 2000, – 400 с.
4. ع.س.زاده قاسم. نامه فصل، "سدهری سهراب اشعار در رنگ روان شناسی"، ن ذ ی کو ی خت، 1382. ص 148.
5. Гачичеладзе Г.Р. Художественный перевод и литературные взаимосвязи. - 2-ое издание, – М.:Советский писатель, 1972. – 262 с.
6. Фрумкина Р.М. Цвет, смысл, сходство. – М.: Наука, 1984. – 174 с.
7. Қайдаров Ә., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 95 б.
8. Семантические традиции цвета в культуре (<http://moy-bereg.ru/simvolika-tsvetov/semanticheskie-traditsii-tsveta-v-kulture.html>)

ӘОЖ 378.147.34

ҚАБЫРҒАДАҒЫ СУРЕТ НЕМЕСЕ СТРИТ –АРТ

Қасым Айдана Еркінқызы

aidanka-94-12@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕНУ Сәулет-құрылыс факультеті

«Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан.

Жетекшісі – Г.Б.Рахимжанова

Бүгінде қала көшелерінен қабырғадағы ашық та қанық түстермен әрленген көз жауын алар суреттер мен жазуларды жиі кездестіреміз. Біреу оған көңіл қойып қараса, енді біреулер мән бермей өте шығады. Ал бұл туралы шын мәнінде не білеміз? Батыстан бастау алған көше туындыларын өнер деп бағалауға бола ма әлде еріккеннің ермегі ме?

Стрит-арт немесе граффитиді өнер ретінде бағалайтындар да, бағаламайтындар да бар. Әркім әрқилы баға береді. Негізінен «граффити мен «стрит-арт» деген не?» деп сұрағандарға нақты бір сөзбен жауап беру қиын. Зерттеушілер ойы жеке тұлғаның өз көзқарасын халыққа жеткізудің альтернативтік түрі дегенге тоғысады [1].

Стрит-арт пен граффитидің тарихын ертеден бастауға болады. Ертеде қабырғаға салынған суреттер мен жазылған жазулар ежелгі Шығыс елдерінде, Грекия мен көне Рим

аймағында көптеп кездескен. Ежелгі граффитилер біздің заманымызға дейін 30 мыңжылдықта қалыптасқан деген де ақпараттар бар. Сонау II ғасырдың өзінде антихристиандық «Алексаменос Құдайға табынады» атты граффити сызылған дейді зерттеушілер. Ол уақыттағы граффитилер пиктографиялық және қашалған суреттер күйінде қатты заттар арқылы қашап салынған. «Граффити» сөзінің өзі грек тілінен аударғанда «тырнау, қашау» деген ұғымды білдіреді.

Көбіне стрит-арт пен граффити сөздерін синоним ретінде қолданамыз. Екеуін бөліп қарайтындар да, бір деп есептейтіндер де бар. Бөліп қарайтындар, граффити – әріптік символдардан тұратын өнер түрі десе, стрит-артты сурет өнеріне жақын деп есептейді. Сондай-ақ граффити тілін кез келген адам түсіне бермесе, стрит-арт қарапайым тұрғындарға ұғынықты деген де тұжырым бар. ТМД граффитишілерінің түсінігі бойынша «стрит-арт» – соғыс, аштық, кедейлік сияқты әлеуметтік мәселерді көбірек қамтиды. Ол қандай да бір мәселеге қарсы тұру, билікке деген қарсылығын көрсету мақсатын алға қояды екен [2].

Стрит-арт пен граффити ұқсас келгенімен, мақсаттары әртүрлі. Стрит-арт адамдарға ой салу мақсатында салынады.

Қоғамдық мәселені қозғап, халық көзқарасын танытады. Салынған сурет түсінікті әрі ой саларлық мәнге ие болып келеді. Ал граффити – суретшінің жеке «мәнінен» көрініс табады. Оған көбіне көшедегі түсініксіз жазулар жатады.

Жаңа стрит-арт пен граффити тарихы 1920 жылдан бастау алады. Сол кезде қоғамға қатысты, билікке деген көзқарасын шығармашылық жолмен жеткізуге ұмтылған жастар тауар вагондары мен ғимарат қабырғаларына түрлі кескіндемелер сала бастайды.

Суреттер халық арасына айтарлықтай тез тарап, танымал болып шыға келеді. 1970 жылдардың ортасына қарай граффити Батыста өнер ретінде мойындалыпүлгерді. Ал Қазақстанда 1990 жылдардан бастап дамиды. Бүгінде елімізде граффити салумен айналысатын 50-ден астам топ бар екен. Олардың қатарына «Reras», «Тиграхауд», «Номад», «Made», сияқты топтар кіреді. Бұл топ мүшелері өз аттарын жазып кеткен жазуларды көшеден көптеп кездестіреміз.

Расымен үй қабырғасына, көше қиылыстарына, машина тұрақтарына, не жолдың үстіне салынған суреттерге көзіміз үйреніп кетті. Қазір Алматы көшелерінен түсініксіз суреттер мен беймәлім жазуларды жиі кездестіреміз. Олар кейде тіпті көшенің көркін бұзып тұрады. Ал сәтті шыққандары көшеге сән беріп шыға келетіні тағы бар. Сондықтан да бірінші пікірге қарап, граффити – өнер деп, екіншісіне қарап, барып тұрған бұзақылық деп бағалауға болады. Бұл туралы қазақтың белгілі суретшісі Әбілхан Қастеевтің немересі Дәуреннен өз ойын айтқан еді:

- Алматыда граффитимен және сурет салумен кәсіби түрде айналысатын топтар бар. Олардың туындыларын өнер ретінде бағалауға болады. Ал көрнекі жерге көріксіз сурет пен жазуларды жазу – барып тұрған бассыздық. Бұған жол бермеу керек. Ал өз басым қадағалаудан тыс салынған граффити туындыларын қолдамаймын.

Граффити салу біреулер үшін – «мода», біреулер үшін – ермек, енді біреулеріне – жарнама құралы. Тіпті бұл саланың кәсіби мамандары арнайы жарнамадан миллиондап табыс табады екен. Қай қаланың болсын көшелерінен мұндай жарнама суреттерді байқауға болады.

Стрит-арт пен граффитиді замануи өнер ретінде бағалайтындар, сонымен бірге көше өнері ретінде қарайтындар да бар. Өнер ретінде бағалайтындар граффити суреттері мен жазуларын көше әндері секілді дамып өркендеуге құқылы деп есептейді. Алайда жеке меншігіндегі дүниеге біреу атын жазып, түсініксіз суретін салып кеткенін ешкім де қаламайтыны анық. Мысалы, Нью-Йорк қаласындакөше суретшілерімен күресетін мамандандырылған полиция қызмет көрсетеді. Қабырғаға сурет салғыңыз келсе, ақысын төлейсіз. Германияда көше өнерімен айналысатын суретшілерді ұстап, бас бостандығынан айыратын заң да бар екен. Ал бізде бұлтақырыпәзірге бас қатыруға жарамай тұр.

Стрит-арт пен граффити тақырыбы төңірегінде «вконтакте» желісіндегі жеке парақшасында арнайы сауалнама ұйымдастырған еді. Қатысушылардың көпшілігі граффити мен стрит-артты өнер ретінде бағалайтындығын айтып, дауыс берді.

Толығымен стрит – арт пен граффитиға түсініктеме беретін болсақ:

Стрит – арт үшін бүкіл әлем үлкен холст болып көрінеді, стрит – артқа граффити, трафарет граффити, постерлер, дала инсталляциялары жатады.

Стрит-арт – әлеуметтік құбылысты, ой мен ұмтылысты көрсетеді, кейде ол барынша әлеуметтік және өзекті болады, ең бастысы - бұл өнер – көрерменді диалогқа тарту.

Стрит-арт жиі келіспеушілік білдіретін өмірлік құрылысы, нәсілдік және класстық теңсіздікке, жұмыссыздықтың өсуіне әкеледі.

Стрит-арт саяси хабарлама беруі мүмкін, лезде әлемдегі өзекті оқиғаларға жауап бере алады.

Атақты қазіргі заманның дала суретшісі Бэнкси: стрит – арт өзін – өзі білдірудің бір құралы, сенің болмаса да , өзіне рұқсат бере алатын өнер дейді. Стрит-арт сұрланып қалған бір формадағы қалаларға құтқарушы бола алады. Тастанып кеткен құрылыстар, сұрланып қалған дуалдар, сынған ғимараттар стрит-арт стиліне дәл келетін объект болып келеді. Әртүрлі түстегі ғажайып граффити, ашық түстер, позитивті сюжеттер мыңдаған көрерменнің көңілін көтере алады.

Стрит-арт көп жанрлы сурет өнері, ол қазіргі заман дизайнын кәсіби және өзіндік оймен жасаған дизайннан айыра алады.

Стрит – арт суретшілері көбінесе өз объектілеріне түнде келіп, өз ойындағы суретті салып, күн шыққан кезде оның қандай жанрда салынып шыққанын сол кезде саралайды.

60 жылдары Филадельфия көшелерінде әртүрлі жазулар пайда болады, оны кейін «Тэги» деп атайды. Осының салдарынан стрит-арт бастау алады. «Тэги» өнерге ешқандай байланысы болмайды. Оны көп мөлшерде және ерекше орындарда жазады. 60 жылдың аяғында тэги Нью – Йоркта пайда болады, олар әр ғимараттардың қабырғасын, вагондар, метролар және билбордтарды жазумен толтырып тастады. Дала бұзақылары өздерінің жерлерін тэги арқылы белгілеген.

1973 жылы стрит-арттың әлемге әйгілі граффити бағыты пайда болады. Оның тэгидан айырмашылығы адамға өзін-өзі танытуға үлкен мүмкіндік бере алады. Стрит –арттың көлемі осы граффитидың арқасында ұлғаяды. Райтерлер қабырғаларды әртүрлі бейнелермен әсемдейді. Бірақ кейін олардың қызметтерін тағылықпен байланыстырып жұмыстарына шектеу қояды. Стрит – арт біраз уақытқа дейін тоқтатылып, жоғалып кете жаздады.

1990 жылы стрит-арт өнерінде белгілер, бейнелер көп бола бастады. Сол кезде Шепард Фейри әйгілі болды. Ол тэги мен граффити салмай, 1970 жылдары дәу Андренің «Obey» жазуымен «Подчиняйся» афишаларын ілді. 2000 жылдары Шепард Андренің миллиондаған портреттерін бүкіл әлемге жабыстырады. Сол үшін Фейри стрит-арт жанрындағы бүкіл әлемге танылған суретші болады.

1990 жылдары стрит-арт суретшісі Space Invader(Захватчик) болады. Ол мазойка тәріздес композициялық фигураларды өзге ғаламдық ойындарды әр елдің адамдар көп жүретін жерлеріне іледі.

Стрит –арттың тағы бір түрі 3D бейнелер. XXI ғасырдың басынан бастап осы 3D бейнелер пайда болады. Ол перспективаның арқасында «оптикалық иллюзия» терминін алады. Осы иллюзияның арқасында Курт Вернер атақты болады. Ол НАСАның бұрынғы қызметкері. Өзінің математикалық қабілетін суретші қазіргі кезде үлкен суреттер салуда. Адамдар оның жұмыстарын суретке түсіріп, таң қалып жатады.

Стрит-арт (ағыл. Street art – дала өнері) – қазіргі заман өнеріне бағытталған, ашық көрметілген урбаникалық мінездеме береді. Стрит –арттың негізі граффити болып табылады. Дала өнеріне әрбір бөлім, бөлшектер, көлеңке, түс, сызықтар маңызды. Суретші өзінің стилизацияланған таңбасын «бірегей таңба» және қала ландшафтын бейнелейді. Стрит-артта ең маңыздысы өзіне жер тартып алу емес, адамдардың көңілін өзінің сюжеттерімен қызықтыра алу [3, 4].

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Ecosystem (англ.)
- 2.VIVACITY — Стрит арт в России (рус.)
- 3.Стрит-арткаталогессылок Open Directory Project (dmoz).
- 4.Дьяконов В. Эпоха развитого вандализма // Власть. — 2010. — 12 июля.

ӘОЖ 747.012.05

ТҮСТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ТҮСТІК АССОЦИАЦИЯЛАР

Қуат Айдана

beginbay2016@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика»
кафедрасының 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент К.М. Бегімбай

Қазіргі заманғы дизайн салаларында түстерді қолданудың әртүрлі ағымдары қатар кездесуде. Адамзат қоғамының дамуына байланысты адамның қоршаған ортаға деген көз қарасы елеулі өзгерістерге ұшырап отырғанын дизайн тарихы пәніндегі тарихи шолудан білеміз. Адам талғамымен бірге түске деген көзқарастары да өзгеріп отыратыны заңдылық.

Тас дәуірінде адам тек табиғи түстерді ажырата білсе, әртүрлі технологиялардың дамуына байланысты бояулардың пайда болуы қоршаған заттық ортада түстерді белгілі бір ұғымдарға байланыты қолдану кезеңі пайда болды.

Атап айтқанда діни көзқарастарға тікелей байланыты түстерді қолдану жүйелері әртүрлі діни ағымдарға тиесілі конондарды, яғни міндетті түрде ұстануға тиіс ережелерді қолдануды бақылау орта ғасырға тән құбылыс екені бәрімізге мәлім.

Сонымен қатар әр халықтың дәстүрлік сенім нанымдарында қалыптасқан түстерге деген көзқарастар осы күнге дейін өміршеңдіктің дәлелі болып отыр. «Этностиль» деп аталатын заманауи дизайндық ағымдар осы күндері қайтадан жанданып, дизайнның әртүрлі салаларында кең қолданыс табуда [1].

Осының дәлелі ретінде өзіміздің қазақи ұстанымдарымыз қайта жаңғырып, қалыс қалған жақтары ғылыми және тәжірибе жүзінде жаңаша көзқараспен қайта қаралып, зерттелуде.

Түсті адамның көріп, қабылдауы және түйсіну заңдылықтарын зерттеу мәселесін физиология, психология, социология, философия және тұстану ғылымдарының алатын орындары ерекше. Адам көзінің түстерді қабылдауы және оны түйсігінде саралау қасиетінің механизімін физика және физиология ғылымдары зерттеген.

Ғалымдардың пайымдауы бойынша адам мыңдаған түстерді ажырата біледі. Адамзат дамуы барысында әуелде қоршаған ортадағы табиғи түстерді қабылдау мүмкіншілігіне ие болғанын білеміз. Табиғи құбалыстар, тау, тас, жер, су, өсімдіктер мен жануарлар әлеміндегі кездесетін табиғи түстерді ажырата білу адамның бастапқы тұстану қаблеттерінің негізін қалаған.

Табиғи ұқсастығына байланысты табиғатта кездесетін заттарға сәйкес түс атаулары әр халықта өзіндік мәдениетке сай қалыптасқан.

Мысалы, металл түстерін сипаттайтын түстердің атаулары күміс түстес, алтын түстес, қола түстес, темір түстес (металлик), мыс түстес және т.т.

Табиғи тастарға – бирюза, малахит, сапфир, коралл т.б. сай атаулар жиі қолданылады.

Қазақ халқында төрт түлік малды ажырату үшін қолданылатын түстік атаулар – күрең, жирен, ақ боз, сұр т.т. атап кетуге болады.